

ҒТАХР 17.71.91

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ЗООМОРФТЫҚ МИФОЛОГЕМАЛАРДЫҢ КӨРІНІСІ

А.Н. Назарова, Н.Б. Мансұров

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
nazar_anel@mail.ru, nurmanber@mail.ru

Батырлық тақырыбы – әлем халықтарының ауызша поэтикалық шығармашылығына тән тақырыптардың бірі. Мақалада халықтық әдебиеттің жауһар қазынасына айналған батырлар жырындағы зооморфтық мифологемалар сараланды. Зерттеу барысында әлемнің мифологиялық бейнесінде батырлық жырларда кездесетін ортақ зооморфтық мифологемалар анықталды. Жырдағы жылқы мен айдаһар культі – халық көзқарасы мен дүниетанымының даму сатысын, әлемді тану тәжірибесін айқындайды. Жұмыста халықтық мәдениетінде өзіндік орны бар батырлар жырының зооморфтық образдары жыр үзінділерімен салыстырылып қарастырылды.

Түйін сөздер: мифологема, миф, зооморфтық образдар, культ, териоморфизм, символдық бейне.

Әрбір халықтың өз тарихындағы тар жолында қол жеткізген рухани және адамгершілік қасиеттері сақталған ұлттық құндылықтары бар. Бұл қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің тарихи және мәдени құндылықтар аясында байқалатын рухани мұраттарының көрінісі. Жалпы, адамзаттың рухани құндылықтарының туу мен қалыптасуы оның рухани дүниесімен тығыз байланысты.

Әр халықтың әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік мифтік бірліктер бар. Алайда осы мифтік бірліктердің танымал болу дәрежесі әрқалай. Себебі кез келген халықтың мәдениетінде көрініс табатын мифтік бірліктердің сақталуы біркелкі емес. Оны сол халықтың тарихи тағдырына үніліп, мифтік мұраны интерпретациялау арқылы тануға болады. Міне осындай танымды қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті, рухани азығы мен байлығы, философиясы мен көркемдік даналығы болып табылатын ауыз әдебиетінен көреміз.

Әдебиетіміз гуманистік қасиеттердің жаршысы ретінде ұлттық мораль мен азаматтық сана-сезімді қалыптастырушы дәнекер қызметін атқарады. Расында да, әдеби туындылар – этностар арасында бірін-бірі танытатын көркемдік идеялық-эстетикалық айна іспеттес. Жалпы, фольклор ежелгі қоғамның мәдениеті мен дүниетанымында маңызды сипатқа ие синкретті атрибуттың бірі. Фольклор арқылы адамдар тұрмысының қажетті бөлігіне айналған ежелгі қоғамның дүниетанымы мен мәдениетін айқындаймыз. Бұл сол кезеңдегі қауым өкілдерінің алғашқы тарихи ұжымдық шығармашылығы.

Фольклор – халықты тұтастыққа біріктіретін мәдени-интегралды жүйе ғана емес, сонымен бірге этностық, тұтас дүниетаным айырмашылықтарын айқындайтын философиялық феномен. Оны әрқашан жадымызда сақтауымыз қажет. Фольклор мифологиямен тығыз байланыста өріс алып, дамыды. Себебі мифология мен фольклор бір-біріне етене жақын. Олардың арасындағы негізгі айырмашылықтың бірі – миф. Миф – адам баласының рухани мәдениетінің ең көне түрі болса, мифология дегеніміз – адамзат баласының қоршаған ортаны танып-түсінуінің алғашқы көрінісін, мәдениеттің алғашқы базисін, дүниені танып-білудің ең көне көрінісін зерттеуді мақсат еткен ғылым саласы [1;8].

Кез келген халықтың фольклорлық сюжеттері таза мифтік жанрда сақталмаса да онда мифтік танымға негізделген, соның аясында құрылған мотивтерді кездестіреміз. Бұл күні бүгінге дейін ұлттық сипатта мұра болып сақталып келеді. Демек, мұның басты мұрасы – мифтерде деп айтуға болады.

Түркі халықтарына тән мифологиялық шығармаларда кездесетін мифологемалар әлем халықтарының фольклорына да ортақ. Өйткені мифологема – құндылық нысаны ретінде халықтың мәдени жадының жинағы. Мифологема терминінің ұлттық-мәдени сипатқа ие болуымен қатар, әмбебап екенін де ескеруіміз қажет. Мәдени дәстүрмен байланысқан мифологемада мифологиялық мазмұн ғана сақталып қоймай, сонымен қатар оны мәдени және эстетикалық тұрғыда басқа мифологемалармен де байланыстыруға болады.

Мифологема – кез келген мифтің фундаменталды элементі ретінде, мифтік идея не мотив. Беларусь зерттеушісі Н.Н.Беспамятных пікірінше, «мифологема» – бұл әлемнің терең және құпияға толы жақтарын ашатын визуалды образдар жайлы көрініс беретін түсінік. Мифологемалар... мифке тереңдік, даналық және құпиялылық береді [2; 95].

Тарих қойнауында жас ұрпақтың санасына әсер етіп келе жатқан батырлардың ерлік істерін жырлап, олардың есімдерін сақтау қазақ мәдениетінің бір көрінісі. Уақыт тудырған кейіпкер-батыр бейнесінде негізгі көріністер – батырлық мифтер, олар өзінің ержүректік қабілеттілігінің арқасында әлем мен елін жаулаған құбыжықтардан құтқаратын батырлық мифологемаларға алып келді.

Әдетте, мифологема көптеген халықтар мен мәдениеттердің мифологиясында кеңінен таралған жаһандық сипаттағы термин. Әлемнің мифологиялық көрінісінде мифологемалар өзіне тән лингвомәдени тұрғысынан ерекше сипаттамаларға ие. Сондықтан әрбір мәдениеттегі мифологиялық бейнелер белгілі бір ұлттық-мәдени ерекшеліктерді танытады. Жануарлар бейнелерімен байланысты мифологемалар мен мифтік кодтар адамзат үшін әмбебап символ ретінде әлемді тану жолында игеріледі.

Түркі халықтары арасында ортақ мифологемалардың бірі – айдаһар бейнесі. Бұл әлем халықтарының қолданысында да бар. Айдаһар – қуатты және сиқырлы күшке ие мифтік тіршілік иесі. Оның бейнесі көптеген аңыз-жырларда кездесетін жылан мен құсты, рух пен материяны біріктіретін әмбебап әрі күрделі символ. Әр этностың әртүрлі құбылыстар мен философиялық көзқарастар тұрғысынан дамыған, өзіндік ерекшеліктерімен айқындалатын «ұлттық айдаһары» көрініс табады. Тылсым күшке ие айдаһар бейнесі даналық пен ерекше күштің иесі ретінде ол күн, жарық және өмірдің, аспан мен биліктің символы болып та саналады.

Мифологиялық шығармаларда көп ретте айдаһар – сатқындық пен қызғаныштың, зұлымдық пен ажалдың символы ретінде бейнеленеді. Алайда жамандықтың нышаны ретінде қабылданған айдаһар бейнесі Орта Азия халықтарының таным-түсінігі бойынша даналықтың, көшбасшылықтың, тәуелсіздік пен күш-қуаттың символы ретінде де қабылданады. Шығыс мифологиясында әдетте, айдаһар жақсылық алып келетін Аспан әлемінің символы болса, батыс мифологиясында керісінше, ол хтоникалық бейне ретінде жойқын, зұлым тіршілік иесі болып келеді. Көк пен Жердің автохтонды билеушісі ретінде батырлар көбіне айдаһарлармен жерге иелік ету мақсатында күреседі.

Джозеф Кэмпбелл «Власть мифа» («Миф күші») атты еңбегінде айдаһарды – құдайшылықтың немесе артықшылықтың символы ретінде қарастырады. Себебі, Аспан мен Жердің бірлігін білдіретін «жылан» (жер) мен «құс» (аспан) формасының үйлесімін көрсетеді.

Айдаһар бейнесі дүниежүзіндегі әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін мифологиялық образ. Әлем әдебиетінде жиі кездесетін бұл мифологиялық бейне өз халқын түрлі апаттан құтқаратын батырлардың басты қарсыласы ретінде суреттеледі. Айдаһарды жеңу үлкен символдық мәнге ие. Грек мифологиясында жауынгерлердің айдаһарға қарсы тойтарыс беру өлместікпен тең болса, ортағасырлық рыцарлар – сансыз байлыққа кенелумен қоса, қалыңдық пен патша тәжіне ие болған. Бұл бүкіл әлем халықтарының мифтерінде кең тараған негізгі сюжеттің бірі.

«Қобыланды батыр» (Айса Байтабынұлы нұсқасы, 37 том) жырында анасы Ақмандайдың құрсақ көтерген сәтінде жерігі қанбаған анасының бабасы аян беру сәті жырда келесідей беріледі:

«Жерігің мұнан қанбады,
Көженің суы, ащы құрт
Мұнан дауа болмайды...
Жерігің сенің қанады:
Жеті басты айдаһардың жесең жүрегін
Қабыл болар тілегің,
Қабыл еді тілегің» [3; 19]

*

«Айдаһардың басын алдырды,
Аузына қатын салдырды,
Жерігін сөйтіп қандырды», - [4; 215]

Ал жырдың Құлзақ нұсқасында Тоқтарбай мен Аналықтан туған Қобыланды аңға жалғыз шыққан батыр аңшылықтың қызығына түсіп кетіп, елінен жыраққа кетіп қалады. Тау арасынан бір мұнды үнді естіп шыдай алмаған батыр шашын жайып алған, үстіне қара жамылған жылап тұрған әйелді көреді. Сонда батыр «Ей, әйел зат, неге жылап тұрсың, жөніңді айт?» - деп сұрағанда қара жамылған әйелдің қыз екенін көреді. Халқының қара жамылып отырғанын, тау бөктерінде бір аждаһаның мекен ететінін және ай сайын бір тай мен бір сұлу аруды өзіне азық ететінін айтады. Қобыланды аруға өзінің тұлпарын беріп, «айдаһармен өзінің күресетінін, алайда талып қалған жағдайда сүтке шомылдыру керек» екендігін айтып еліне жібереді. Арудың орнында қалған батыр құз жартастан күнге шағылысып төмен түсіп келе жатқан айдаһарды көріп, қылышының жүзін айдаһарға қарсы ұстап оны женеді. Айдаһармен шайқасқан батыр естусіз жатқан жағдайын қыз көріп, Қобыландының айтқанын жасап, есін жиғызады [5; 145-146].

Ал «Алпамыс батыр» жырында пір тұтқан әулие Баба Түкті Шашты Әзіз образы «Парпария» жырында «айдаһар-жылан» кейпінде көрінеді.

Баба түкті пірлері

Айдаһар болып көрінді.

Айдаһар сонда ысқырды

Ен қалмақты тықсырды

Айдаһарды көргенде

Парпария батырдың

Көңілі судай тасыды... [6; 58]

Жырдағы Баба Түкті Шашты Әзіз бейнесі айдаһар кейпінде берілуі тотемдік сипатқа ие образ екендігін, ондағы батыр әкесінің «рухын» көрсетіп тұр.

Айдаһар бейнесі ағылшын-сакс батырлық эпосы «Беовульф» шығармасында да жырланады. Жырдағы басты кейіпкер гаут халқының жауынгері Беовульф Дания корольдігінің патшасы Хродгардың еліне 12 жыл бойы патша сарайы мен оның жауынгерлеріне шабуыл жасайтын құбыжық Грендельден құтқару мақсатында дан еліне аттанады. Дан еліне тыныштық пен қуаныш сыйлаған Беовульфке Хродгар патшасы жомарттықпен сыйын ұсынып, еліне оралады. Гаут елін 50 жыл басқарған Беовульф батырдың ержүректілігі айдаһармен қақтығыс арқылы ұласады.

«Аджарха» мақаласының авторы В.Н.Басилов «Әлем халықтарының мифтері» («Мифы народов мира») энциклопедиясында Ажи-Дахак жыланының бейнесі әртүрлі интерпретацияларда кейінірек түркі мен моңғол халықтарының мифтерін көшкендігін атап өтеді [7: 50].

Әзірбайжан халқында-аждаһа, түрік тілінде – эждер/эждерха, өзбекше – аждархо, қазақ тілінде – аждаһа, айдаһар, қырғызша – ажыдаар, ноғайша – аздаа ретінде қолданылады.

Айдаһар мифологемасы бүкіл әлемде кеңінен таралған зооморфтық кейіптегі мифтік образ. Мифологияда айдаһар бейнесі үш дүниенің зооморфтық сипатын көрсетеді, алғашқысы – су дүниесінің өкілі ретінде жылан, төменгі дүние, келесі – басы мен аяқ тырнағы бар жыртқыш аң, орта дүние өкілі және ол – қанатты, жоғарғы дүние өкілі. Жалпы, айдаһар бейнесі сакральді мазмұнға ие және табиғат күштері мен элементтерінің басқа әлеммен байланысын көрсетеді.

Бұл мифтік тіршілік иесін жылқының шығу тегімен байланыстыруда. Мифтік санадағы даналық пен кемеңгерлік символдық бейнелермен, яғни жануарлар бейнесімен ұтымды қолданылады. Айталық, жылқы (тұлпар) – қазақ болмысы мен оның рухани дүниесінде, дүниетанымында басты сипатқа ие тіршілік иесі. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен тарихында, мәдениеті мен дәстүрінде, эпоста да әмбебап сипатта болатын бейне. Жылқы бейнесі жайлы: «Почтенный миф провозглашал коня родственником дракона, близким к таинственным силам воды» деп келеді. Түркі-моңғол эпостарында жылқы бейнесі тотемдік бейне ретінде батырдың «кеңесші, құтқарушысы, батыр қаруын сақтаушы, болашақты болжаушы, сөйлеу қабілетіне ие бола алатын қанатты қамқоршысы» кейпінде танылады.

Жылқы культі – қазақ халқының рухани өміріндегі этномәдени элементтердің бірі. Жылқы бейнесі – дәстүр бойынша қуат пен өмірлік күштің, бекзаттылық пен сұлулықтың символы. Халық дәстүрінде жылқы бейнесі мифологиялық образ ретінде тылсым әлеммен байланыста болатын жануарлардың бірі. Батырлар жырында батыр мен жылқы образдары бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтыра

отырып, біртұтастықты құрайды. Жыр тек батыр ерліктерімен ғана жырланып қоймай, сонымен бірге кейіпкердің белгілі бір қиындықтарды сенімді серігі, қолқанаты жылқы арқылы өрбіп отырады.

Тұлпар – қазақ фольклорының негізгі символы ретінде космогендік мифтік тіршілік иесі. Жырдағы Алпамыс батырдың жүйрік тұлпары – Байшұбар (Шұбар ат) болса, Қобыланды батырдың сенімді серігі – Тайбурыл. Байшұбар – «Бай» (Имай) – «бірінші адам» мен «шұбар» (свар, сувар) сөздерінен – «жарқыраған, сәулеленген» деген ұғымды білдіреді. Байшұбар (Шұбар ат) – күннің кейіптенуі немесе сәулесі, нұры болғаны [8; 69]. Ал, Тайбурыл бейнесі жырда қанатты болып суреттелу арқылы оның мифтік қасиеттілігін ғана көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар халық жадының көркем-эстетикалық ұмтылысын көрсетеді.

Жылқы мотиві – құдайлар мен батырлармен байланысты фольклорда тұрақты қолданылатын тақырыптың бірі. Жылқы бейнесі ежелден бері ерліктің, адалдылық пен күш сынды ұғымдарды бейнелейді. Көшпелі қазақ халқының дүниетанымында ерекше орынға ие жылқы – жауынгер үшін міндетті атрибуттың бірі. Сондықтан да, ертегілер мен эпостарда, мақал-мәтелдерде жиі кездеседі.

Р.С.Липецтің «Батыр мен оның жылқысының бейнелері» атты зерттеуінде түркі-моңғол эпостарында «жауынгер мен оның жылқысының арасында ажырамас тылсым байланыс бар» екендігін айтады. Жылқы культі – қазақ халқының өмір салты бойынша сакральді қасиетке ие. Сондықтан да, жылқы бейнесі жайлы ертегілер мен эпостар, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер аз емес. Батырлық жырлардағы жылқы – бұл «жылдам қозғалыс құралы ғана емес, сонымен қатар ісі мен кеңесімен көмектесетін сенімді серігі».

Батырлық жырларда жауынгер тұлпары өзіндік ақылға баулушы көмекшісі ретінде бейнеленеді. Алпамыс батырдың Байшұбар жылқысының «отыз күндік жолды бір сәтте еңсеруі» мифтік образын айқындатады.

Бір күн шапса Шұбар ат,
Айшылық жолды алады. [9; 13]

Батыр жылқысының түр-сипаты тұрғысынан да басқа жылқылардан өзгеше келеді. Эпостағы батыр тұлпары ғажайып күшке ие болуы арқылы басқа жануар түріне енуі екі түрлі жағдайда көрініс табады: 1) көздеген жерге тез арада жету үшін; 2) батырлардың қиындық сәттерінде (зынданнан шығаруы) жанынан табылуы.

Эпоста уақыт пен кеңістіктің өзара әрекеттесуі тұлпардың шабысы мен батырдың әрекетіне байланысты. Батырдың тұлпары – асқан жүйріктік пен шапшаңдықтың иесі. Тұлпардың ерекше маңыздылығы ретінде танылған жылдамдыққа ие болу қасиеті оның «қанатты пырақ» жайлы мифологиялық түсініктен туындағанын және эпикалық дәстүрге негізделінген заңды жалғасы болып табылады.

Алпамыстың Байшұбары қанатты ат ретінде суреттелінсе, Қобыландының Тайбурылы – буырыл түсті арыстандай айбатты күші қайнап тұрған, тұяғының дауысымен үркітетін образ бейнесінде жырланады.

Айналайын Шұбар ат,
Қолтығыңда бар қанат. [9; 95]

*

Тұяғының даусымен
Тау жаңғырып қалады. [10; 32]

Мұндай ұқсастықты грек мифологиясындағы жоғарғы әміршісі Зевстің ашуы кернегенде найзағаймен қорқытуы еске түседі. Батырлық жырларда зооморфтық мифологеманың бірі ретінде жылқы бейнесі жоғарғы әлеммен байланысын айқындата түседі.

Бұл ұқсастық сарындарын адамзаттың бұл әлемді тануында бүкіл әлем екі бөліктен тұратынын байқаймыз: адал (қасиетті, сакральді) және арам (дүниелік). Сондықтан батырлар жырындағы кейбір жануарлар табиғаттан тыс тылсым күшке ие болып бейнеленеді. Түркі тілдес халықтардың мәдениетінде тотемдік және зоолитикалық культтерінің арасында жылқы мен айдаһар зооморфтары жырда айрықша құрметке ие жануарлардың қатарында.

Зооморфизм мен териоморфизм («адамдардың жануарларға тән қасиеттерінің болуы») – жануарлар образында құдайшылдықты білдіретін діни дүниетаным болып табылады. Жануарлар кескінінде құдайлардың көрінуі жиі қолданылса, қасиетті жануарлар арқылы нақты Құдай бейнесі мен болмысын танытады.

Қорыта айтқанда, жалпы адамзаттық тәжірибе мен адамгершілік көзқарастардың халық мәдениеті мен санасында әр түрлі тілдерде ұқсас зооморфтық мифологемалардың мәдени және белгілі бір символдық мағынаға ие екендігін көрсетеді. Жылқы және айдаһар культі мифология әлемінде ғана емес, сонымен бірге батырлық жырда да өзіндік биік тұғырын қалыптастырған образдар екеніндігіне көз жеткіземіз. Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінде ғана емес, сонымен қатар әлем әдебиетінде де кездесетін жылқы мен айдаһар бейнелері халықтық шығармамыздың құндылығын арттырып, эстетикалық әсерін көтеруде поэтикалық мәтіннің бояуын қанық ететіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ускенбаева Р. Т. (2016) Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде). Философия докторы (Ph.D) диссертация. Алматы. – 149 б.
2. Беспмятных Н. Н. (2004) Мифология: Введение в теорию мифа. - Минск: ФУАинформ.- 240 с.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық: - Астана: «Фолиант», 2006. Т. 36: Батырлар жыры. – 480 б.
4. Классикалық зерттеулер: Көп томдық (2014) Алматы: «Әдебиет Әлемі». – 408 б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 35: Батырлар жыры (2006) Астана: «Фолиант». – 392 б.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.50: Батырлар жыры (2008) Астана, «Фолиант». – 464 б.
7. Басилов В. Н. (1987) Аджарха «Мифы народов мира. Энциклопедия», Том 1. Москва: Сов. энциклопедия. – 50 с.
8. Қондыбай С. (2006) Әлемдік мәдениеттану ой – санасы: 10 томдық / ред. М. Әуезов. Алматы: Жазушы. (Мәдени мұра). 8-ші том: Постмодернизм және мәдениет. – 430 б.
9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.34: Батырлар жыры (2006) Астана: «Фолиант». – 384 б.
10. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.36: Батырлар жыры (2006) Астана: «Фолиант». – 480 б.

Проявление зооморфных мифологем в героических эпосах

А.Н. Назарова, Н.Б. Мансуров

Международный казахско-турецкий университет им Х.А.Ясави, г.Туркестан, Казахстан
nazar_anel@mail.ru, nurmanber@mail.ru

Тема героизма – одна из тем, свойственных устному поэтическому творчеству народов мира. В статье анализируются зооморфные мифологемы в героических эпосах, ставших жемчужиной отечественной литературы. В ходе исследования выявлены общие зооморфные мифологемы эпосов и мифов разных народов. Культ лошади и дракона в эпосах определяет стадию развития взглядов и мировоззрения народа, опыт познания мира. В работе сопоставлены зооморфные образы с отрывками эпосов, которые имеют место в народной культуре.

Ключевые слова: мифологема, миф, зооморфные образы, культ, териоморфизм, символический образ.

Manifestation of zoomorphic mythologems in heroic epos

A.N. Nazarova, N.B. Mansurov,

Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
nazar_anel@mail.ru, nurmanber@mail.ru

The theme of heroism is one of the inherent themes in the poetic creativity of the peoples of the world. The article analyzes zoomorphic mythologems in the works of the batyrs, which became the treasures of folk literature. The study revealed common zoomorphic mythologems that occur in heroic epics in the mythological image of the world. The cult of the horse and the dragon in the epics – determines the stage of development of views and worldview of the people, the experience of knowing the world. Zoomorphic images with fragments of epics that have their place in folk culture were compared in the work.

Key words: mythologem, myth, zoomorphic images, cult, theriomorphism, symbolic image.

Редакцияға 21.01.2020 түсті.